

ISSN 1811-1815

# ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР ЖЕМЛЕКЕТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

ГУМАНИТАРЛЫҚ СЕРИЯ



1-2'2011

ПМУ ХАБАРШЫСЫ  
ВЕСТНИК ПГУ

## СОДЕРЖАНИЕ

✓ <b>М.А. Алтыбасарова, А.С. Тыртыкаева</b>	
Председательство Казахстана в ОБСЕ: достижения и перспективы.....	9
<b>С.К. Бастемиев</b>	
Становление, развитие тюрем Казахстана в 60-80 г. XX века и их современное состояние .....	14
<b>А.Б. Есимова</b>	
Рождаемость в Казахстане за последние 20 лет: основные показатели и тенденции .....	22
✓ <b>Г.Г. Ахметова, Б. Жанайхан</b>	
Сокровище нации – родной язык.....	27
<b>А.Л. Захаренко</b>	
Очерки исторического краеведения Павлодарского Прииртышья (от древности до XVII в.).....	32
<b>Т.Н. Зозуля</b>	
Политическая устойчивость и факторы риска.....	42
✓ <b>Т.Н. Зозуля, С.М. Каримова</b>	
Маргинальный человек в XXI веке: понятие, подходы, виды.....	48
✓ <b>Т.Н. Зозуля, Ю.С. Терлецкая</b>	
Современная семья и ее роль в формировании подрастающего поколения.....	54
<b>С.К. Ильясов</b>	
Партийная система Казахстана на современном этапе.....	58
✓ <b>Г.Н. Иренов, М.Е. Асылханов</b>	
Экономико-статистический анализ социальной стратификации .....	63
✓ <b>Ж.К. Карибаева</b>	
Значение института отсрочки отбывания наказания беременным женщинам и женщинам, имеющим малолетних детей .....	70
✓ <b>М.Ж. Кожамжарова, А.Д. Муканова</b>	
Лао-Цзы и Гераклит: о природе человека.....	77
<b>О.М. Москалев</b>	
К истории деятельности Киргизского Республиканского общества охраны памятников истории и культуры .....	83
✓ <b>Н.И. Мошна</b>	
Социальные и групповые конфликты в Казахстане в 50-60 гг. XX века .....	90
✓ <b>С.В. Невмержицкий</b>	
Материя, но не ткань.....	95
✓ <b>Б.К. Нургазинов</b>	
Необходимость включения в процессуальные издержки, сумм, расходуемых на служебные командировки.....	102

**С.К. Тажобаева**

История развития и становления национального оператора  
ОАО «Кыргызтелеком» ..... 104

▼ **Б.Н. Абдрахманов, А.Б. Уаханова**

Казахские просветители о судебной системе ..... 113

▼ **А.А. Уызбаева**

О проблеме развития и функционирования государственного языка ..... 117

**С.В. Харченко**

Тенденции в информатизации современного общества ..... 123

**Э.Т. Шишкараева, З.К. Курманов**

Особенности взаимоотношений государственного  
и неправительственного секторов в Кыргызстане в период 1990-2000 гг. .... 131

Наши авторы ..... 139

Правила для авторов ..... 141

ӘОЖ 340.14 (09)

## ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ СОТ ЖҮЙЕСІ ЖАЙЫНДА

**Б.Н. Абдрахманов, А.Б. Уаханова**

*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Ресей империясының қазақ даласын бағындыру барысында бірнеше әкімшілік реформалар жасағаны мәлім. Бұл реформалар қазақтың дәстүрлі би институтын заң жүзінде жоққа шығарып, оның орнына патша өкіметінің қалауымен болатын отарлық саясатты белсенді түрде іс жүзінде асыратын жасанды қуыршақ би – халық соты институтын енгізді.

Халқымыздың бай мәдени мұраларының арасынан ерекше орын алатын да, солай бола тұра түбегейлі зерттеу нысанына айналмай келе жатқан ерекше аксиологиялық феномен - билер институты. Билер институтының қыр-сырын ашудың кілті – қазақ халқының битану дәстүріне талдау жасауда жатса керекті. «Би» атақ лауазымды көптеген түркі халықтарында кездеседі. Алайда оларды өзара салыстыра қарастырсақ, көшпелі халықтар дәстүріндегі билік лауазымы қазақтар салтында ең кең тараған, түп-тамыры тереңде жатқан, мән-мағыналы ерекше феномендердің санатына жатады.

Патша өкіметі мұндай саясатты жүргізуде мынандай сұрқия, отарлау саясатын көздеді:

Халық соты жергілікті халықтан сайланатып болғанымен міндетті түрде Ресей әкімшілігімен бекітілетін құқықтық мәртебесіне ие болды.

Сайланған судьяларды бекіту арқылы жергілікті орыс әкімшілігі (губернатор, уезд бастықтары) биліктен, әділсот ісінен қазақ арасында беделді: шешен, от ауыз, орақ тілді қайраткерлерді аластатуды көздейді. Ондағы мақсаттары орыс әкімшілігімен ауыз жаласқан паракорларды, Ресей бюрократиясын қазақ қоғамына енгізу болды.

Соттарды империяның құқықтық жүйесінде қосу қазақтарды тырп еткізбей басқарудың берік құралы болды.

XIX ғасыр – XX ғасырдың басында аталмыш саясаттың нәтижесінде көшпелі қазақ өркениетінің бірегей даналық пен әділеттіліктің символы болған билер институты күлкілі паракор, орыс әкімшілігімен ауыз жаласқан ұсқынсыз және зансыздық жайлаған мекемеге айналды. Бұл туралы орыс зерттеушілері көп жазған. Мысалы, зерттеуші В. Остафьев өзінің зерттеушілерінде қазақ соттардағы былықтар туралы былай деп жазды: «Подкуп, подставка при казахских выборах – вещь самая обыкновенная. Почти каждый богатый казах добивается место волостного при этом начинаются жалобы, интриги и пускаются в ход всевозможные подкупы, обещания и угрозы. На все должности ... назначаются русской администрацией...» [1, 44].

~~Қазақ қайраткерлерінің сапынан орыс бюрократиясы енгізген сот жүйесін~~

Қазақ қайраткерлерінің сапынан орыс бюрократиясы енгізген сот жүйесін тұңғыш болып Шоқан Уәлиханов қатаң сынға алды. Ол өзінің «Сот реформасы жайында хат» деген әйгілі еңбегінде былай деп атап көрсетті: «Өзіндік әдет-ғұрпы, ой-тірлігі бар көшпелі...халық аты-жөні жоқ, күтпеген жерден болып жатқан сағылы басшылығы, олардың көп бөлшекті бағынышты тармақтары, түрлі атаулы сатысы бар бюрократиялық орталыққа бағынды. Бұл әкімшілік жүйесі осыған дейін қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіз еді.

Бұйрық, жарлық, мәжілістер мен кірісті, шығысты тексеретін журналдармен қоса, бізге татар молдалары мен татардың оқу-білімін де қоса тарту етті. Мұндай реформаны біз халықты опатқа ұшыратады, прогресс жолына залалды деп санаймыз» [2, 77].

Шоқан Уәлихановтың «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегі ХІХ ғасырдың 60-жылдардағы Қазақстандағы сот реформалары бойынша мәселелерге арналған маңызды туындылардың бірі болып табылады. Дала комиссиясының өкілдері (К.К. Гутков, А.К. Гейнс, Г.А. Колпаковский) құрған бірнеше ресми құжаттар мен хаттары «Хаттың» дала облыстары және Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ережелер жобасын өңдеуде зор тәжірибелік маңызды екенін куәландырады. (А. Крахалев. Суд и следствие у киргизов Сибири. «Юридический Вестник». 1888, т. XXVIII, кн.1, 30-35б). Шоқанның бұл еңбегі қазақтардың қарапайым құқығын көп жылдар бойы зерттеудің нәтижесінде жазылған. Бұл жұмыс 1864 жылдың 28 ақпанында жазылып бітті. Уәлихановтың куәгерлігі бойынша оның нобайлары 1862 жылыда-ақ. Яценко экспедициясының қызметкері ретінде Қарқаралы даласына барғанда жазылыпты. Ғалымның бұл құнды еңбегінде былай делінген:

а) Сот құрылымы бойынша:

Билер саны белгісіз түрде болса, дүние жүзі соттары әрбір округке бірнеше келеді.

Билер ресми түрде ешкіммен сайланбайды және ресми түрде ешкіммен бекітілмейді. Олардың маңызы Еуропадағы ақындар мен жазушылар беделдігін қалай жаулап алса, солай жеке беделдігінің нәтижесі негізделеді. Дүние жүзі сотқа белгілі бір тәртіп пен ценз қалыптасқан.

Би тек оған жәбірленушілер өтінішпен көмек сұраса ғана сот бола алады, яғни беделдігінен айырылған би шенін жоғалтты. Дүние жүзі соттары үш жылға сайланады, қызмет жасағанда құқықтары мен міндеттерін атқарады.

Билер ешбір қазынадан да, халықтан да ешбір көмек алмайды, бірақ «биден билағын» алады, ал дүние жүзі сотына земстволық жинаудан тұрмысына да, кеңсесіне де қаражат бөлінеді.

Билер съездері тұрақты болып тұрмайды, тек сәті келсе ғана өткізіледі, ал дүние жүзі съездері үшін арнайы уақыт тағайындалады.

Дүние жүзі соты істерді жалғыз шешеді, ал билер соты істерді жәбірленушінің бимен рулас болса және бір биді қаласа ғана мұндай мүмкіндік бар.

б) Сот ісін жүргізу бойынша:

1. Билер істерді өз тілінде, дәстүрлері мен заңдары бойынша талдайды, дүние жүзі соттары Империяның жалпы заңдары бойынша шешеді.

2. Билер шешімдері кешірімді болуы мүмкін, ал дүние жүзі соты шешімі нақты және соңғы болады.

3. Билер істерін көпшілік алдында, ал дүние жүзі соты азаматтық істерді шешкенде ғана көпшілік алдында жүргізеді.

Осыларды салыстыра отырып, қырғыздардың билер соты дүние жүзі сотымен көп ортақ ұқсастықтары бар екеніне көз жеткіздік.

XX ғасырдың басында сот жүйесі саяси құқықтық ой-шікірдің нағыз шиеленісті, дау-дамай туғызған ұлттық қасіретіне айналған мәселе ретінде көрініс тапты. Отарлық саясаттан қан құсып, ауыр зардаптар шегіп жатқан қазақ қоғамы және оның ел аузындағы білімпаз қайраткерлері Ресей империясының әкімшілік реформалары арқылы жасанды түрде пайда болған қалыптасқан халық сотын» қатаң сынға алды. Хандық дәуір кезеңінде әділеттіліктің нағыз символына айналған билер институтының тамаша қасиеттерін саяси-құқықтық көзқарастарында асқан сағынышпен дәріптеді. Өткен ғасырдың бас кезеңінде ғұмыр кешіп, тарихта ошпес із қалдырған Ғұмар Қарашев өзінің шығармаларында былай деп атап көрсетті:

Ақсақал билер бар еді,  
Шиеленген шешіп түйінді  
Атқарған істі басынан.  
Хан бар еді сол күнде,  
Ақ сұңқарға ұқсаған.  
Билер жүйрік бар еді,  
Хас тұлпарға ұқсаған.  
Әділ қазы бар еді,  
Алмас қылыш ұқсаған [3, 55].

Ахмет Байтұрсынов бұрынғы хандық дәуірде қалыптасқан қазақ билерінің асқан әділдігі мен даналығына қайран қалады, орыс патшасы енгізген халық сотының елге мүлдем қажетсіз екенін дәлелдейді. «Бұрынғы өділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәрі еді, бүгінгі арам билердің қолында дәрі болмақ түгіл, у болып жұғып жатыр» [4, 216].

Шәкәрім Құдайбердиевтың саяси-құқықтық көзқарастарында көшпелі қазақ қоғамындағы билер институтының тиімді, бірегей жақтарына ерекше назар аударатын, жоғалған қағидалардың себептерін Ресей империясының қазақ билеріне жасаған әкімшілік реформаларының себепші екеніне анық көзін жеткізеді. Ол өзінің «Би хәм билік туралы» деп аталатын мақаласында былай деп атап көрсетеді: «Билік туралы қазақтың ескі жолы жоқ емес, қазылған қара жолдай жолы бар. Бірақ ол жол ұмытылған. Себебі, көбінесе орыс заңына қарағандықтан болған. «Ол ескі жолдың көбі осы күнге өмірге

қолайлы. Бұрынғы ережелерде көбінесе сол долға сүйеніп айтылған» [5, 27]. Осылай билер сотын дәріптей келе патша өкіметі әңгізген «Халық сотын» қатаң сынға алып, былайша пікір білдіреді:

Партия қуған өңкей қырт,  
 Жазылмайтын ол қыл құрт.  
 Мен тартам ел қайғысын,  
 Әкім залым, биі әңгірт.  
 Сүркия тілін жалайды  
 Момын мен аңқауды алдайды.  
 Қанды қақпан бар құрған,  
 Түсірер болса қандайды.  
 Бар сырын білем қолма-қол  
 Осынымды сезеді ол  
 Айналама қазып ор  
 Қалдырмай отыр маған жол [1, 45].

Байқап қарасақ, қазақ зиялылары көшпелі қазақ қоғамында өзінің дамуымен қалыптасып, әділеттіктің айнасы болған билер институтын дәріптеулері мақтан тұтулары тәжірибеде билердің тазалығы, әділеттілігі және асқан білімділігінің нәтижесі деп қорытынды жасауға болады. Осы категориялары бар, намыс, ұят сияқты сана болмысынан молекулярлық деңгейде орын тепкен ұғымдарды социумның ең басты құндылықтарына жатқызды. Қоғамдық сана сол құндылықтарды бәрінен жоғары қойды. Ғалым Сәкен Өзбекұлы осы мәселе төңірегіндегі ойларын былайша тұжырымдайды: «Көшпелі қоғамда құқықтық реттеу функциясының негізге алатын мәселесі жеке адамның мінез-құлқының моральдық талаптарын асқақтату...». Міне, сондықтан да көшпелі қоғамның әлеуметтік тәжірибесі ұлттың күдіретті күшін барлық игіліктерден жоғары қойды. Сондықтан ұят, ар-этностың рухы, баға жетпейтін құндылығы, әлжумет тыныс-тіршілігінің өзегі...» [7, 345].

Қорыта айтқанда, қазақ билерінің ар, намыс, ұят сияқты ұғымдарды социумның ең бастапқы ұғым, түсініктері деп танып, барлық игіліктерді сол талаптарға бағындырулары асқан даналықтың белгісі. Сондықтан да қазақ қайраткерлері билер институтын дәріптеді, мақтан тұтып, әділеттікті орнатудың негізі деп тұжырым жасады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері. /Құраст.: Дулатова Г., Иманбаева С. 2003, 44-46 бб.
2. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе. Избранные произведения. - Алма-Ата, 1958. - с. 196-235.

3. Касымжанов А.Х. Портреты к истории Степи, - Алматы, 1995. Вып. I, 128 б. - 369.
4. Материалы по истории политического строя Казахстана, - Алма-Ата Т.1, 441 с. - 1960.
5. Материалы по обычному праву казахов (Библиотека казахской этнографии, том 30). – Павлодар: «ЭКО», 2007. – С. 288.
6. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – нач. XX вв. / С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 1996.
7. Крафт И.И. Далалык облыстардағы кыргыздар туралы заңдар жинағынан/ құрастырған Құлмұхамбетова Н. – Алматы, 2004. – б. 344-453.

### *Резюме*

*В статье отображена панорама колониальной политики – судебные реформы Российской империи в казахской степи. Анализируются взгляды казахской интеллигенции к судебной системе, введенной русской бюрократией.*

### *Resume*

*The article displayed a panorama of colonial policy – judicial Reform of the Russian Empire in the Kazakh intelligentsia in the judicial system, introduced Russian bureaucracy.*